



КОРОНАВИРУС
ПАНДЕМИЯСЫ
БАСТАЛҒАННАН
БЕРІ
СТРИМИНГТІК
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
ТҮРЛЕРІНІҢ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯСЫ




 8 (7172) 646-666
 info@mdq.kz

ҚАЗАҚСТАНДА

Интернет-телевизияға сұраныстың артуына қарамастан бүгінгі күнге дейін Қазақстанда отандық онлайн-кинотеатрлар жоқтың қасы. Ел азаматтары көп жағдайда ресейлік және америкалық сервистерді пайдаланады.

ӘЛЕМДЕ

Әлемдегі коронавирус пандемиясы мен карантин жағдайы кезінде стримингтік қызмет түрін пайдалану едеуір өсті: 2020 жылдың наурыз айында бұл қызмет түріне қызығушылық әлем бойынша 20% өсті. Соның ішінде, Австрия мен Испания елдерінде бұл көрсеткіш 40% көрсетті.



Netflix қосымшасын орнатудың күнделікті көрсеткіші Испанияда 34%-ға, Италияда 57%-ға ұлғайды. Twitch аудиториясы 10%-ға өссе, Google-дың YouTube Gaming жобасының аудиториясы 15%-ға ұлғайды.

Ал десктоп пен смарт ТВ платформасындағы ресейлік MEGOGO онлайн-кинотеатрына сұраныс 2020 жылдың ақпан айымен салыстырғанда 36% мен 34% өсті.

СТРИМИНГТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТҮРЛЕРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ АРТУ СЕБЕБТЕРІ

- + Жарнамалық кампанияның белсенділігі мен тиімді ұсыныстар
- + Бағдарламалар форматының жаңаруы
- + Контенттің жоғары сапада көрсетілуі

ЖАРНАМАЛЫҚ КАМПАНИЯНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ МЕН ТИІМДІ ҰСЫНЫСТАР

Стримингтік қызмет көрсетумен қатар, бұл компаниялар смарт ТВ-да теледирар экранына жазылу мүмкіндігі бар қосымшаларды орнату мүмкіндігін туралы жарнамалық баннерлерді ұсынады.

Сонымен қатар, онлайн-кинотеатрлар өз көрермендеріне тиімді бонустарды ұсынады. Мысалы, Amediateka ресейлік онлайн-кинотетры өз контентіне айлық тегін көрсетілім мүмкіндігін енгізді және де жаңадан жазылған көрермендерге айлық жазылу құнын екі есе төмендетті.

«Триколор» теледидарының мультиплатформалық жеткізушісі өзінің негізгі телеарналарына тегін көрсетілімді ұсынып отыр. Өзінің көрермендеріне арнайы ұсыныстарды келесі компаниялар ұсынып отыр - ivi, Okko, Premier, «Кинопоиск HD», Wink «Постелекома», more.tv «Национальной Медиа Группы» және Tvzavr.

Free #stayhome
PREMIUM
MEMBERSHIP

БАҒДАРЛАМАЛАР ФОРМАТЫНЫҢ ЖАҢАРУУЫ



Аудиторияны өзіне көптеп тарту үшін ағындық қызмет көрсетулер телебағдарламалардың жаңартылған форматын көрсетуді бастады. Мысалы, стримингтік қызмет көрсету қызметтер қатарына енетін NBC телеарнасы үйден көрсетілетін тікелей эфирдегі телешоу форматына ауысты. Тележүргізуші және актер Джимми Фэллон эпидемия кезінде үйінде оқшауда бола тұрып, The Tonight Show: At Home Edition кешкі ток-шоуын эфирге шығарды.

Okko мультимедиалық сервисі ресейлік Сбербанкпен бірлесіп «Когда все дома» тегін медиатекасын іске қосты. Бұл платформада жетекші театрлар мен музейлерден қойылымдары мен онлайн экскурсиялары ұсынылған. Соның ішінде, «Искусство Онлайн», «Шоу ON!» рок- және поп-жұлдыздардың концерттері, атлеттер мен актерлерден #ФитнесПротивВируса онлайн жаттығулары, сондай-ақ, кішкентай көрермендер үшін «Лучшее — детям» мен «Сказки на ночь» бағдарламалар топтамасы, «Готовим дома» аспаздық жиынтығы мен «Весь мир дома» саяхаттар туралы фильмдер топтамалары.



КОНТЕНТТІҢ ЖОҒАРЫ САПАДА КӨРСЕТІЛУІ

Стримингтік қызмет көрсетудің бір артықшылығы - Full HD мен 4K сияқты жоғары сапада контентті көрсетуі. Бұл мүмкіндік барлық эфирлік және кабельді ТВ провайдерлерінде кездесе бермейді.

Бүгінгі күні ең көп қаралатын категориялардың қатарына жоғары сапада көруге мүмкіндік беретін фильмдер мен бағдарламалар жатады. Netflix өз көрермендері арасында жүргізген сауалнамасына сәйкес, көрермендер «Во все тяжкие», «Оранжевый — хит сезона», «Ходячие мертвецы» сериалдарын көп қарайтын болып шықты. Бұл телетуындылар 4K форматында да қол жетімді.

ТҰЖЫРЫМДАР

- + Қазақстанда стримингтік қызмет көрсету түрлеріне сұраныс өсуде. Алайда, отандық онлайн-кинотеатрларының жоқтығынан, біздің телекөрермен шетелдік қызмет түрлеріне жүгінуде;
- + Шетелдік провайдерлердің қызметін алуға ұмтылу, қаржы құралдарының шет елдерге кетуіне себеп болып отыр;
- + Шетелдік стримингтік қызмет көрсету өнімдерін пайдалану - отандық телеарналар өнімдерін пайдалану көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.